

# **ЭЛЕКТРОНДЫҚ БАНК ҚЫЗМЕТТЕРІН КӨРСЕТУ ТУРАЛЫ КЕЛІСІМ**

Осы электрондық банк қызметтерін көрсету туралы келісіммен (бұдан әрі – Келісім) Банктің Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін тәсілдермен Банктің қашықтан банктік қызмет көрсету жүйесі арқылы электрондық банк қызметтерін көрсетуімен байланысты «ForteBank» АҚ (бұдан әрі – Банк) және Пайдаланушының арасындағы қарым-қатынас реттеледі.

Осы Келісім қосылу шарты болып табылады және Пайдаланушы тиісті тексерілген және тексеру оң нәтиже берген жағдайда жасалған болып саналады, сондай-ақ Келісімнің барлық талаптарын қабылдайды және заңды күшке ие болады, тараптардың тиісті міндеттемелерін тудырады және жазбаша нысанда жасалған болып есептеледі. Банк Пайдаланушыны көрсетілген Келісімді [forte.kz](https://forte.kz) ресми сайтынан алу мүмкіндігімен қамтамасыз етеді.

Пайдаланушы Келісімнің талаптарын қабылдау туралы келісімін растай отырып, Электрондық банк қызметтерін көрсету туралы келісімнің ажырамас бөлігі болып табылатын оның жалпы талаптарын (бұдан әрі – Жалпы талаптар) оқып, түсінгендігін және келісетіндігін растайды және оларды уақытында және толық көлемде орындауға міндеттенеді. Жалпы талаптар ҚБҚЖ-дағы <https://support.forte.kz/> қолдау бөлімінде және Банктің [forte.kz](https://forte.kz) ресми сайтында орналастырылған.

Пайдаланушы қашықтан банктік қызмет көрсету жүйесін пайдалану тек «сол қалпында» мүмкін болатындығын түсінеді және келіседі, яғни Келісімнің әрекет ету мерзімінің кез келген уақытында Банк ұсынған қашықтан банктік қызмет көрсету жүйесінің функционал, ақпараттық мазмұны, интерфейсі, дизайны, басқа компоненттері кешені мен пайдалану талаптарына сәйкес Пайдаланушының оны өзі ерік білдіруі бойынша өзгертуі техникалық жағынан мүмкін емес.

Пайдаланушы, Келісімге қол қою арқылы Банктің [forte.kz](https://forte.kz) ресми сайтында орналастырылған Дербес және өзге деректерді жинау және өңдеу туралы келісім нысаны бойынша Пайдаланушының деректерін/дербес деректерін жинауға, өңдеуге өз келісімін береді және оның мазмұнымен танысқанын, түсінетінін және қабылдайтынын растайды, сондай-ақ онда көрсетілген өзгерістерді және (немесе) толықтыруларды енгізу тәртібімен келіседі.

## **1. Келісімнің мәні**

1. Банк Келісім шеңберінде және оның талаптарында Пайдаланушыға Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін тәсілдермен ҚБҚЖ арқылы электрондық банк қызметтерін көрсетеді, ал Пайдаланушы Банктің филиалдарындағы/бөлімшелеріндегі көпшілікке қолжетімді орындарда және Банктің [forte.kz](https://forte.kz) ресми сайтында орналастырылған Банктің тарифтеріне сәйкес ол қызметтерге ақы төлейді.

2. Банк электрондық банктік қызметтерді қауіпсіздік рәсімдерінің талаптарына сәйкес ҚБҚЖ, авторизацияланған аймақ чаты арқылы («24/7 көмек көрсету» және «Онлайн сауал қою» сервистері/қызметтері), мессенджерлерге өту мүмкіндігімен ұсынады.

3. Пайдаланушы Келісім бойынша орындалмаған міндеттемелері болмаса, Келісімнен біржақты тәртіпте бас тартуға құқылы және ол туралы келісімді бұзу жоспарланған күннен 30 (отыз) күнтізбелік күн бұрын Банкке тиісті жазбаша хабарлама жолдауы тиіс.

4. Банк Келісімді біржақты соттан тыс тәртіпте өзгертуге немесе одан бас тартуға құқылы, ол туралы Келісімді өзгерту/әрекетін тоқтату жоспарланған күннен кем дегенде 30 (отыз) күнтізбелік күн бұрын тиісті ақпараттық хабарламаны Банктің [forte.kz](https://forte.kz) ресми сайтында орналастыруы немесе Пайдаланушыға тиісті SMS хабарламаны/Push хабарламаны жолдауы тиіс.

5. Келісім Тараптардың келісімі бойынша немесе Тараптардың бірі Келісім талаптарын бұзса, біржақты тәртіпте бұзылуы мүмкін.

6. Келісімнің әрекеті мына жағдайларда тоқтатылады:

1) Келісімде және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда және тәртіпте;

2) егер Пайдаланушы жүргізетін операцияларды зерделеу барысында олардың

қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыру (жылыстату) немесе терроризмді қаржыландыру мақсатында жүргізіліп жатқандығы туралы күмән туындаса;

3) Терроризм мен экстремизмді қаржыландырумен байланысты ұйымдар мен тұлғалардың тізбесінде Пайдаланушы туралы мәліметтің болуы;

4) егер операцияның/мәміленің немесе мәміле бойынша міндеттеменің бір тарапы/қатысушысы халықаралық ұйым немесе шет мемлекет айқындайтын қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыру (жылыстату) және терроризмді қаржыландырудың едәуір тәуекелдері бар елде тіркелген/орналасқан тұлға болса немесе осы операцияны/мәмілені орындауда мұндай тұлға қатысса;

5) егер Банк осы Келісімнің талаптары, Қазақстан Республикасының және Банк қызметіне қатысты шет мемлекеттердің заңнамасы, қоғамдық болып саналатын Банктің және корреспондент банктің ішкі рәсімдері мен талаптары бұзылады, бұзылуы мүмкін деп санаса, сонымен қатар кез келген елдің, халықаралық ұйымның юрисдикциясына сәйкес, қолданысы Банкке және Пайдаланушыға қолданылатын санкциялардың болу жағдайында.

7. Келісімде қарастырылмаған басқа жағдайларда, Тараптар Қазақстан Республикасының заңнамасын басшылыққа алады.

## 2. Банктің деректемелері

**Мекенжайы:** Z05P1P0/010017, Қазақстан Республикасы, Астана қаласы,  
Достық көшесі, 8/1

**Телефон:** +7 (717) 258-40-40

**Факс:** +7 (717) 259 67 87

**e-mail:** info@fortebank.com

**БСК** IRTYKZKA

**БСН** 990740000683